

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 45-VIII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі):

1) бүкіл мәтін бойынша "зейнетақымен қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру", "зейнетақымен қамсыздандыру туралы, міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы", "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы", "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында", "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" және "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы", "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында", "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына", "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында", "Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына", "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы", "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына", "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы", "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы", "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына", "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына", "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер тиісінше "әлеуметтік қорғау", "әлеуметтік қорғау туралы", "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Қазақстан

Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына", "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында", "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына", "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне", "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары," деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 13-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақшаның ережелері деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолданатын салық төлеушіге қолданылмайды.";

4) 20-баптың 5-тармағының 2) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 24-баптың бірінші бөлігінің 13) тармақшасы он үшінші абзацтағы "адамның банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары және қозғалысы туралы мәліметтер ұсынуға міндетті." деген сөздер "адамның;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он төртінші абзацпен толықтырылсын:

"қызметі құмар ойындарын және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыру және өткізу болып табылатын заңды тұлғаның банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары және қозғалысы туралы мәліметтер ұсынуға міндетті.";

6) 26-бап мынадай мазмұндағы 28-тармақпен толықтырылсын:

"28. Букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар мәліметтерді беру бойынша автоматтандырылған

өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында аппараттық-бағдарламалық кешендердің салық органының ақпараттық жүйелерімен интеграциялануын қамтамасыз етуге міндетті.

Букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың аппараттық-бағдарламалық кешендерін салық органының ақпараттық жүйелерімен интеграциялау арқылы беруге жататын мәліметтердің тәртібін, тізбесін және нысанын уәкілетті орган айқындайды.";

7) 30-бапта:

3-тармақтың 4) тармақшасының бірінші бөлігі "халықты әлеуметтік қорғау" деген сөздерден кейін ", ақпараттандыру" деген сөзбен толықтырылсын;

7-тармақ 5) тармақшадағы "беру салықтық құпияны жария ету болып табылмайды." деген сөздер "беру;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) ақпараттандыру саласындағы орталық мемлекеттік органның "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру үшін алынған мәліметтерді мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізу мақсатында беруі салықтық құпияны жария ету болып табылмайды.";

8) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Салықтарды, мемлекеттік бажды және (немесе) төлемақыларды төлеу бойынша салықтық міндеттемені орындау мерзімдерін өзгерту. Салықтық міндеттемені тоқтату негізі. Инвестициялық салық кредиті";

9) мынадай мазмұндағы 51-2-баппен толықтырылсын:

"51-2-бап. Соттарда мемлекеттік баж төлеу бойынша кейінге қалдыруды беру тәртібі мен шарттары

1. Мемлекеттік баж төлеу бойынша мерзімдерді өзгерту сот мемлекеттік баж төлеу бойынша кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарған кезде мемлекеттік баж төлеу бойынша кейінге қалдыру нысанында жүзеге асырылады.

2. Соттарда мемлекеттік баж төлеу бойынша кейінге қалдыру жеке тұлғаның мүліктік жағдайы немесе ірі кәсіпкерлік субъектісін қоспағанда, заңды тұлғаның қаржылық жағдайы негізге алына отырып, мемлекеттік баж төлеу мерзімінің өзгеруін білдіреді.

3. Кейінге қалдыру осы бапта көзделген негіздер болған кезде сот мемлекеттік баж төлеу бойынша кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарған күннен бастап бір жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Бұл ретте жеке немесе заңды тұлғаның мемлекеттік баж сомасын кейінге қалдыру мерзімі аяқталғанға дейін ішінара және (немесе) мерзімінен бұрын төлеуге құқығы бар.

4. Кейінге қалдыру мүліктік жағдайы негізге алына отырып, жеке тұлғаға немесе ірі кәсіпкерлік субъектісін қоспағанда, қаржылық жағдайы негізге алына отырып, заңды

тұлғаға осындай жағдайы талап қоюды беру кезінде мемлекеттік баж төлеуге мүмкіндік бермейтін болса, алайда оны төлеу мүмкіндігі мынадай негіздердің бірі:

- 1) дүлей зілзаланың, технологиялық апаттың салдарынан нұқсан келтіру;
- 2) жеке тұлғаға жалақыны уақтылы төлемеу;
- 3) жұмыссыз адам ретінде есепке қою;
- 4) жеке тұлғаның ауыр сырқатының болуы және үш айдан артық емдеуде болуы;
- 5) заңды тұлғаға берілген тауар, орындалған жұмыстар, ол көрсеткен қызметтер үшін ақша төлемеу;
- 6) заңды тұлғаның тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді өндірудің және (немесе) өткізудің маусымдық сипаты;
- 7) атаулы әлеуметтік көмек беру болған кезде кейінге қалдыру берілетін мерзім ішінде туындайды деп пайымдауға жеткілікті негіздер болғанда берілуі мүмкін.

5. Соттар мемлекеттік баж төлеу бойынша кейінге қалдыру туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін істерді қарау орны бойынша салық органдарына мемлекеттік баж төлеу бойынша кейінге қалдыру туралы ұйғарымның көшірмесін жібереді.";

10) 70-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Салық органы осы баптың 4-тармағында көрсетілген хабарламаны жіберген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде салық төлеуші салық органына өзі келу тәртібімен салық төлеушінің орналасқан жерін растайтын құжаттардың көшірмелерін және түпнұсқасын (салыстырып тексеру үшін) немесе құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін қоса бере отырып, салықтық зерттеп-қарау кезінде болмау себептері туралы жазбаша түсінік ұсынуға міндетті.";

11) 96-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігінде:

2) тармақшадағы "осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органына салықтық есептілікке енгізілген деректердің анықтығын растайтын салықтық және (немесе) бухгалтерлік есепке алулар (есепке алу) тіркелімдерінен үзінді көшірмелерді және (немесе) көрсетілген бұзушылықтарға қатысты құжаттарды қоса бере отырып," деген сөздер "салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "бұзушылықтарда көрсетілген операцияларды (мәмілелерді) жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып" деген сөздер "хабарламада көрсетілген операцияларды (мәмілелерді) жүзеге асыру жөніндегі құжаттармен расталған мән-жайларды көрсете отырып" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Осы баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көзделген түсініктерде:

салық төлеушінің (салық агентінің) түсінікке қол қойған күні;

түсінікті ұсынған тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) не толық атауы, оның тұрғылықты жері (тұрған жері);

салық төлеушінің (салық агентінің) сәйкестендіру нөмірі;

камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органының атауы;

түсінік ұсынылатын хабарламаның нөмірі мен күні;

осы баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген түсінікті ұсынған кезде адамның келіспеу мән-жайлары бұзушылықтарда көрсетілген операцияларды (мәмілелерді) жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттардың көшірмелерін міндетті түрде қоса бере отырып көрсетілуге тиіс.

Осы баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген түсінікті ұсынған кезде салық төлеуші (салық агенті) салық және (немесе) бухгалтерлік есепке алулар (есепке алу) тіркелімдерінен үзінді көшірмелерді және (немесе) растайтын құжаттарды ұсынуға және (немесе) келіспеу мән-жайларын көрсетуге құқылы.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындау шеңберінде хабарламада сипатталған бұзушылықтарға жатпайтын құжаттарды талап етіп алдыруға жол берілмейді.";

"4. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама, егер салық төлеуші (салық агенті) оны осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орындамаса, орындалмады деп танылады.

Бұл ретте салық органы мұндай жағдайлар бойынша шешім шығармайды.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны салық органы мынадай:

осы баптың 2-1-тармағының талаптары бұзылған;

түсінікте көрсетілген мән-жайлармен келіспеген жағдайларда, осы баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген түсінік ұсынылғанда орындалмады деп таниды.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалмады деп танылған кезде камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешім шығарылады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешім салық төлеушіге (салық агентіне) мынадай тәсілдердің бірімен:

1) хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы – салық төлеуші (салық агенті) пошта немесе өзге де байланыс ұйымының хабарламасында белгі қойған күннен бастап жіберіледі. Бұл ретте мұндай шешімді пошта немесе өзге байланыс ұйымы пошта немесе өзге байланыс ұйымының қабылдағаны туралы белгі қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жеткізуге тиіс;

2) электрондық тәсілмен:

салық органы шешімді веб-қосымшаға жеткізген күннен бастап жіберіледі.

Бұл әдіс Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес салық органдарымен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын салық төлеушіге қолданылады;

шешім пайдаланушының "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинетіне жеткізілген күннен бастап жіберіледі.

Бұл әдіс "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген салық төлеушіге қолданылады;

3) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы – оны өзі келу тәртібімен алған күннен бастап жіберіледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешім шығару нысаны мен мерзімдерін уәкілетті орган белгілейді.";

4-3-тармақ алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзімде орындалмауы осы Кодекстің 118-бабына сәйкес салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға алып келеді.";

12) 114-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы алып тасталсын;

13) 115-бапта:

4-тармақтағы "6)," деген цифр алып тасталсын;

5-тармақтағы "6)" деген цифр "5)" деген цифрмен ауыстырылсын;

14) 118-бапта:

1-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама орындалмаған жағдайда – осы Кодекстің 96-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен соң келесі жұмыс күні жүргізіледі.

Бұл ретте камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны салық органының орындалмады деп тануы салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру үшін негіз болып табылмайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру себептері жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімнің күші жойылады.";

15) 120-1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Электрондық шот-фактураларды жазып беруді шектеу туралы шешім осы баптың 2-тармағында көрсетілген шешім қабылданған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде мынадай тәсілдердің бірімен:

1) хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы;

2) веб-қосымшаға және (немесе) пайдаланушының "электрондық үкімет" веб-порталындағы жеке кабинетіне және (немесе) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесіне электрондық тәсілмен;

3) салық төлеушіге қолын қойдыра отырып жіберіледі.";

16) 142-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) салық органы өзіне қатысты осы Кодекстің 120-1-бабында көзделген шектеулерді қолданған салық төлеушімен (салық төлеушілермен) өзара есеп айырысулар бойынша салықтық міндеттемені айқындау;"

9) тармақшадағы "хабарламасын салық төлеушінің (салық агентінің) орындамауы" деген сөздер "хабарламасында көрсетілген бұзушылықтардың бар-жоғын растауы" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 178-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі 2) тармақшадағы "қойылған күн болып табылады." деген сөздер "қойылған күн;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) электрондық тәсілмен – "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жіберілген күн болып табылады.

Бұл тәсіл Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес салық органдарымен электрондық тәсілмен өзара іс-қимыл жасайтын салық төлеушіге (салық агентіне) қолданылады.";

18) 182-баптың 3-тармағындағы "салық төлеушіге (салық агентіне) хабарламасы бар тапсырыс хатпен пошта арқылы жіберіледі немесе қолын қойғызып" деген сөздер "шағым берген тұлғаға жіберіледі немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 225-баптың 2-тармағының 18) тармақшасы ", оның ішінде мемлекет атынан алушының осындай іске асырумен байланысты туындаған міндеттемелерін есептен шығарудан түскен кіріс" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 227-1-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың мақсаттарында цифрлық активтердің құнын және олардың түрлерінің тізбесін айқындау, жариялау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

21) 232-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) осы Кодекстің 250-бабының 6-тармағына сәйкес провизиялар (резервтер) құру бойынша шығыстар сомасын шегеруге құқығы бар салық төлеушінің, микрокредит бойынша үмітсіз берешекті және ол бойынша сыйақыны кешіруіне байланысты борышкерге қойылатын талап ету мөлшерін микрокредиттер бойынша үмітсіз берешектің және олар бойынша сыйақының салықтық кезеңде кешірілген жалпы сомасын салықтық кезеңнің басындағы микрокредиттер бойынша негізгі борыш сомасына және олар бойынша сыйақыларға арақатынасының ең жоғары мөлшері шегінде азайту. Бұл ретте мұндай арақатынастың ең жоғары мөлшері 0,2 коэффициентке тең;"

22) 241-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын;

23) 243-бап мынадай мазмұндағы 18-тармақпен толықтырылсын:

"18. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын теміржол тасымалдаушысына теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің қызметтерін өтеусіз негізде, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифке 0 мөлшеріндегі уақытша төмендету коэффициентін қолдана отырып көрсетуге байланысты Ұлттық инфрақұрылым операторы шеккен шығыстар шегерімге жатады.";

24) 255-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"255-бап. Жер қойнауын пайдаланушының және жүк тасымалдаушының шығыстарын Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы және теміржол көлігі туралы заңнамасына сәйкес шегеру";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген шығыстарды шегеру мынадай:";

мынадай мазмұндағы 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"7. Жүк тасымалдаушының Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасына сәйкес жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторына төленген уақытша теңгерімдеу төлемақысы бойынша шығыстарды шегеруге құқығы бар.

8. Осы баптың 7-тармағында көрсетілген шығыстарды шегеру табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген мөлшерлер шегінде жүзеге асырылады.";

25) 257-баптың 2-тармағы "9)," деген цифрдан кейін "9-1)," деген цифрлармен толықтырылсын;

26) 264-бапта:

1-1) тармақша алып тасталсын;

23) тармақшаның бірінші бөлігі "бейрезидент –" деген сөзден кейін "жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 288-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі 3-2) тармақшасының бірінші бөлігі "бейрезидент –" деген сөзден кейін "жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) агенттік облигациялар бойынша сыйақы;"

4) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 9) тармақшаларының ережелері мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірістерге қатысты қолданылмайды."
";

28) 291-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы тармақтың 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында айқындалған дербес білім беру ұйымдарын қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін құрылған, жоғары басқару органы Жоғары қамқоршылық кеңес болып табылатын коммерциялық емес ұйым;"

29) 307-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

30) 319-баптың 2-тармағында:

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлем;"

24) тармақшада:

төртінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақшаның ережелері "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кредит (қарыз, микрокредит) бойынша талап ету құқығы берілген тұлға міндеттемені кешірген жағдайда да қолданылады;"

мынадай мазмұндағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:

"24-1) қарыз алушы үшін банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, сондай-ақ коллекторлық агенттіктің сотқа берілетін талап қою арызынан алынатын мемлекеттік бажды төлеуі нәтижесінде ол алған кіріс;"

25) тармақшаның жетінші абзацындағы, 31) және 32) тармақшалардағы "Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 45) және 46) тармақшалармен толықтырылсын:

"45) "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін төлем түріндегі, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шотына бағытталған нысаналы жинақтар;

46) бұрын жүзеге асырылған сатып алу немесе алынған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін есепке жазылған сома есебінен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде олардың құнын үнемдеуден түсетін материалдық пайда;

";

31) 353-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"353-1-бап. Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемінен жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және төлеу ерекшеліктері

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемі кезінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы төлемдерін алушының және (немесе) уәкілетті оператордың банктік шотына аударған кезде салық агенті жеке табыс салығын есептеуді жүргізеді.

Жеке табыс салығы осы Кодекстің 320-бабында белгіленген мөлшерлемелерді осы Кодекстің 356-бабының 1-2-тармағына сәйкес айқындалатын төлем көзінен салық салынатын кіріс сомасына қолдану арқылы есептеледі.

2. Егер осы баптың 4, 5, 6 және 7-тармақтарында өзгеше көзделмесе, жеке табыс салығы сомасын ұстап қалуды салық агенті жеке тұлғаның таңдауына қарай мына тәсілдердің бірі бойынша:

1) осы Кодекстің 353-бабында көзделген тәртіппен;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы төлемдері үшін белгілеген график бойынша ай сайын тең үлестермен он алты жылдан аспайтын мерзім ішінде жүргізеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ұстап қалу халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган белгілеген нысанда салық агентіне ұсынылған жеке табыс салығын ұстап қалу туралы өтініш негізінде жүргізіледі.

3. Салық агенті ұстап қалынған жеке табыс салығының сомасын аударуды:

1) осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда – біржолғы зейнетақы төлемі жүзеге асырылған келесі айдың;

2) осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда – бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы төлемдері үшін белгілеген графикке сәйкес зейнетақы төлемін аудару басталған және жүзеге асырылатын келесі айдың;

3) осы баптың 4, 5, 6 және 7-тармақтарында белгіленген жағдайларда жеке табыс салығының сомасы біржолғы ұстап қалынған келесі айдың күнтізбелік жиырма бес күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

4. Жеке тұлға Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен кезде салық агенті біржолғы зейнетақы төлемінен ұстап қалмаған және аудармаған жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 353-бабында көзделген тәртіппен зейнетақы төлемінің сомасынан біржолғы ұстап қалуға жатады.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы жинақтары мұраға қалдырылған адамға төлеу кезінде салық агенті біржолғы зейнетақы төлемінен ұстап қалмаған және аудармаған жеке табыс салығының сомасы осы Кодекстің 353-бабында көзделген тәртіппен зейнетақы төлемінің сомасынан біржолғы ұстап қалуға жатады.

6. Жеке тұлғаның сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты болған кезде біржолғы зейнетақы төлемі сомасынан жеке табыс салығын салық агентінің осы Кодекстің 353-бабында көзделген тәртіппен мынадай жағдайларда:

1) зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударған кезде – зейнетақы жинақтарының сомасынан;

2) осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережелері біржолғы зейнетақы төлемі түріндегі кіріске бұрын қолданылған кезде – зейнетақы жинақтарының сомасынан;

3) біржолғы зейнетақы төлемін жеке тұлғаның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке зейнетақы шотында қалған сомадан біржолғы ұстап қалуына жатады.

7. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы болып табылатын жеке тұлғаға біржолғы зейнетақы төлемі кезінде жеке табыс салығын ұстап қалуды салық агенті осы Кодекстің 353-бабында көзделген тәртіппен біржолғы ретпен жүргізеді.

Осы тармақтың ережелері зейнетақы жинақтарының сомасынан жеке табыс салығын ұстап қалу арқылы осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жеке табыс салығын ұстап қалу тәсілін жеке тұлғаның кірістеріне бұрын қолданылған жағдайда да қолданылады.

8. Осы баптың мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салық агенті деп танылады.";

32) 356-бап мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі салық салынатын кірістің сомасы мынадай тәртіппен айқындалады:

біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі кіріс сомасы
алу

осы Кодекстің 346-бабы 1-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген салықтық шегерімдердің сомасы.";

33) 372-бапта:

2-тармақ 10) тармақшадағы "алуын білдіреді." деген сөздер "алуын;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасына сәйкес жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының уақытша теңгерімдеу төлемақысын алуын білдіреді.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 40) тармақшамен толықтырылсын:

"40) Ұлттық инфрақұрылым операторының жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын теміржол тасымалдаушысына теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін өтеусіз негізде, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифке 0 мөлшеріндегі уақытша төмендету коэффициентін қолдана отырып көрсетуі.";

34) 394-баптың бірінші бөлігінің 22) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

35) 397-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Цифрлық активтерді өткізу жөніндегі айналым қосылған құн салығынан босатылады.";

36) 400-бапта:

6-тармақтағы "Осы" деген сөз "Осы баптың 9-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, осы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын теміржол тасымалдаушысына теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің қызметтерін өтеусіз негізде, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау кезінде магистральдық теміржол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифке 0 мөлшеріндегі уақытша төмендету коэффициентін қолдана отырып көрсету үшін Ұлттық инфрақұрылым

операторы пайдаланған немесе пайдаланатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының сомасы осы баптың 1-тармағында белгіленген шарттар сақталған кезде есепке жатқызылуға жатады.";

37) 463-баптың 4-тармағы 1) тармақшасы кестесінің 12-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

12.	2203 00	Сыра қайнату өнімі	90 теңге/литр
-----	---------	--------------------	---------------

";

38) 492-баптың 4-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацындағы "жеңіл автомобиль шассиіндегі" деген сөздер алып тасталсын;

39) 493-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ішкі істер органдары салық органдарына ұсынатын көлік құралын айдап әкету (ұрлау) туралы арыздың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелу фактісін (күнін) растайтын мәліметтер иелерінен айдап әкетілген және (немесе) ұрланған деп саналған көлік құралын іздестіру кезеңінде салық төлеуден босату үшін негіз болып табылады.

Бұл ретте мұндай салықты есептеу (есепке жазу) көлік құралын айдап әкету (ұрлау) туралы арыз Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген күннен бастап тоқтатылады.

Салықты есептеу (есепке жазу) ішкі істер органдары салық органдарына ұсынған мәліметтер негізінде көлік құралын айдап әкету (ұрлау) және оны қайтару туралы қылмыстық іс тоқтатылған күннен бастап қайта басталады.";

40) 509-бапта:

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "жазбаша ескертуді" деген сөздер "жазбаша нұсқаманы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша осы Кодекстің 503-бабында белгіленген базалық салық мөлшерлемелері меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқаманы табыс еткен күннен бастап жиырма есеге ұлғайтылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мәліметтерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшесі ұсынатын осы баптың 4 және 5-

тармақтарында көрсетілген жер учаскелері бойынша жер салығын салық органдары салық төлеушіге есепке жазылған жер салығының сомасы туралы хабарлама жібере отырып, жер салығының белгіленген мөлшерлемелерін және жер учаскесінің алаңын негізге ала отырып есептейді.";

41) 511-баптың 9-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасындағы "осы Кодекстің 505-бабында келтірілген кестенің 4-бағанында белгіленген" деген сөздер "осы Кодекстің 531-бабының 2-тармағында келтірілген кестенің 3-бағанында белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 551-баптың 2-тармағындағы және 552-баптың 4-тармағындағы "Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 564-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"564-бап. Уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған, сондай-ақ тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері бойынша төлемақыны есептеу және төлеу тәртібі";

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "5, 6, 9, 10 және 12" деген сөздер "5 және 6" деген сөздермен ауыстырылсын;

7, 9, 10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Төлемақы сомасы жер учаскесінің орналасқан жері бойынша – уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) берілген жер учаскесі бойынша есептелген төлемақы бойынша бюджетке төленеді.";

"9. Объектілерді салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері бойынша уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері бойынша жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органмен, ал арнайы экономикалық аймақтың аумағында – жергілікті атқарушы органмен немесе арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен жасалған уақытша өтеулі жер пайдалану шарттары негізінде есептелген төлемақы сомасы жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті орган жер пайдаланушыға жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты жою қажеттігі туралы жазбаша нұсқаманы табыс еткен күннен бастап он есеге ұлғайтылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің және осы баптың 3-тармағының мақсаттары үшін тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау тәртібін жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

Осы тармақтың ережелері екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымға және оның еншілес компанияларына қолданылмайды.

10. Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері бойынша жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органмен, ал арнайы экономикалық аймақтың аумағында – жергілікті атқарушы органмен немесе арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен жасалған уақытша өтеулі жер пайдалану шарттары негізінде есептелген төлемақы сомасы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшесі жер пайдаланушыға Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқаманы табыс еткен күннен бастап жиырма есеге ұлғайтылады.

Осы тармақтың ережелері екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз акционері болып табылатын ұйымға және оның еншілес компанияларына қолданылмайды.

11. Осы баптың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген жер учаскелері бойынша мәліметтерді жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органның салық органдарына ұсыну тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

12. Осы баптың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген, мәліметтерін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық бөлімшесі ұсынатын жер учаскелері бойынша төлемақыны салық органдары салық төлеушіге есепке жазылған төлемақы сомасы туралы хабарлама жібере отырып, есептелген төлемақы сомасын және жер учаскесінің алаңын негізге ала отырып есептейді.";

44) мынадай мазмұндағы 564-1-баппен толықтырылсын:

"564-1-бап. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жер қойнауы учаскелері үшін төлемақыны есептеу және төлеу тәртібі

1. Жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде берілген жер қойнауы учаскесі бойынша төлемақының жылдық сомасын есепті жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша лицензия қолданылған жағдайда және оның қолданылуы аяқталғанға дейін – есепті

салықтық кезеңнің 25 ақпанынан кешіктірмей немесе лицензияны есепті жылдың 1 ақпанын қоса алғанға дейін алған кезде – осы Кодекстің 563-бабының 1-тармағында белгіленген мөлшерлемелер бойынша айқындалатын төлемақының жылдық сомасы мөлшерінде төлейді.

2. Егер есепті салықтық кезеңнің 1 ақпанындағы жағдай бойынша пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензияның қолданылу мерзімі ағымдағы салықтық кезеңде өтетіні белгілі болса, онда есепті салықтық кезеңнің 25 ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде мұндай лицензияның нақты қолданылу кезеңі үшін осы баптың 3-тармағына сәйкес есептелген төлемақы төленуге тиіс.

3. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия есепті салықтық кезеңнің 1 ақпанынан кейін алынған немесе есепті салықтық кезең ішінде лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушы төлемақы сомасын осы Кодекстің 563-бабының 1-тармағында белгіленген төлемақы мөлшерлемелерін және осындай лицензияның есепті салықтық кезеңде нақты қолданылу кезеңін негізге ала отырып айқындайды.

Бұл ретте лицензияның нақты қолданылу кезеңі салықтық кезеңнің басынан бастап (егер мұндай лицензия салықтық кезең басталатын күнге қолданыста болса) немесе мұндай лицензия қолданыла бастаған айдың 1-күнінен бастап мұндай лицензияның қолданылуы тоқтатылған айдың 1-күніне дейін немесе салықтық кезеңнің соңына дейін (егер мұндай лицензия салықтық кезең аяқталатын күнге қолданыста болса) айқындалады.

4. Пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия есепті салықтық кезеңнің 1 ақпанынан кейін алынған немесе оның қолданылуы тоқтатылған жағдайларда осындай лицензияның нақты қолданылу кезеңі үшін төлемақы сомасы лицензияның қолданылу мерзімі өткен тоқсаннан кейінгі тоқсанның екінші айының 25-күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бюджетке енгізілуге жатады.

5. Төлемақы сомасы жер қойнауы учаскесінің орналасқан жері бойынша – пайдалы қатты қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған лицензия негізінде берілген жер қойнауы учаскесінің төлемақысы бойынша бюджетке төленеді.";

45) 606-1-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

46) 606-3-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, цифрлық майнинг мақсатында төлемақыны есептеу есепті кезеңде тұтынылған электр энергиясының 1 киловатт-сағаты үшін 2 теңге мөлшеріндегі мөлшерлеме бойынша жүргізіледі.

2. Цифрлық майнинг мақсатында төлемақы Қазақстан Республикасының аумағындағы меншікті электр станцияларында жанартылатын электр энергиясы көздерінен немесе Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне қосылмаған генерациялайтын қондырғылардан өндірілген электр энергиясын

пайдаланған кезде тұтынылған электр энергиясының 1 киловатт-сағаты үшін 1 теңге мөлшерлемесі бойынша есептеледі.";

4-тармақ алып тасталсын;

47) 610-баптың 1-1-тармағындағы "1 АЕК" деген сөздер "нөлдік мөлшерлеме" деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 616-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"616-бап. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату";

бірінші бөліктің 15) тармақшасының тоғызыншы абзацы алып тасталсын;

үшінші бөлік алып тасталсын;

49) 623-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы:

"істер бойынша —" деген сөздерден кейін "осы Кодекстің 51-2-бабында көзделген жағдайларды," деген сөздермен толықтырылсын;

"тиісті" деген сөзден кейін "талап қою," деген сөздермен толықтырылсын;

50) 624-бап "консулдық мекемелері" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі" деген сөздермен толықтырылсын;

51) 627 және 632-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"627-бап. Консулдық алым мөлшерлемелері

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі уәкілетті органмен және салық саясаты саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша:

1) Қазақстан Республикасының аумағында алынатын;

2) шет мемлекеттің аумағында консулдық әрекеттер жасағаны үшін алынатын консулдық алым мөлшерлемелерін әзірлейді және бекітеді.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес бекітілген мөлшерлемелерге қосымша өзара түсіністік қағидаты негізінде жеделдеткені үшін консулдық алым мөлшерлемелерін белгілеуге құқылы.";

"632-бап. Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру мерзімдері

Активтер мен міндеттемелер туралы декларация декларацияны тапсыру бойынша міндеттеме туындаған ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей тұрғылықты (болу) жері бойынша тапсырылады.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыру мерзімдері бөлігінде осы баптың бірінші бөлігінің ережелері:

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сайланбалы лауазымдарға, мемлекеттік лауазымға не мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларды орындауға байланысты лауазымға кандидаттар мен олардың жұбайлары;

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары болуға ниет білдірген тұлғалар ретінде активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсыратын тұлғаларға қолданылмайды.";

52) 634-бапта:

2-тармақта:

1) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) дара кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметтен түсетін, декларациялауға жататын кірістерін қоспағанда, жеке тұлға өз бетінше салық салуға жататын кірістер;"

"3) мүлікті Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде алу және (немесе) иеліктен шығару, оның ішінде өтеусіз негізде алу және (немесе) иеліктен шығару;"

5) тармақшаның екінші бөлігі алып тасталсын;

6) тармақша мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"инвестициялық алтын;"

4-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жеке тұлғалардың декларацияларын тапсыру міндеті жүктелген жеке тұлғалар кірістер мен мүлік туралы декларацияда мүлікті алу және (немесе) иеліктен шығару туралы, сондай-ақ есепті салықтық кезең ішінде мынадай мүлікті, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде сатып алуға арналған шығыстарды жабу көздері туралы мәліметтерді де көрсетеді:"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) бағалы қағаздар, цифрлық активтер;"

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеуді қабылдайтын жеке тұлғалар кірістер мен мүлік туралы декларацияда банктік салым сомасына қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі шетелдік банктерде ақшасының бар-жоғы туралы ақпаратты көрсетеді.";

53) 635-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кірістер мен мүлік туралы декларация тұрғылықты (болу) жері бойынша есепті күнтізбелік жылдан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей тапсырылады.";

2-тармақ алып тасталсын;

54) 645-баптың 9-тармағында:

3) тармақшаның екінші бөлігі "дивидендтерге" деген сөзден кейін "және сыйақыларға" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) агенттік облигациялар бойынша сыйақылар және агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;"

55) 654-бапта:

3) тармақшаның екінші бөлігі "дивидендтерге" деген сөзден кейін "және сыйақыларға" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) агенттік облигациялар бойынша сыйақылар және агенттік облигацияларды өткізу кезінде құн өсімінен түсетін кірістер;"

56) 683-баптың 2-тармағы 3) тармақшасының жетінші абзацы алып тасталсын;

57) 696-3-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құрылтайшысы немесе қатысушысы бір мезгілде арнаулы салық режимін қолданатын басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалар бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдануға құқылы емес.";

7-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолданатын салық төлеуші үшін Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлерде алынған (алынуға жататын) және салықтық кезеңде жиынтығында осы Кодекстің 681-бабында белгіленген кірістерді айқындау тәртібіне ұқсас тәртіппен айқындалатын кіріс салық салу объектісі болып табылады.";

58) 708-баптың 1, 2 және 3-тармақтарының екінші бөліктері алып тасталсын;

59) 709-бап мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Осы баптың 1, 4, 5 және 9-тармақтарында көзделген салықтар және (немесе) төлемақы сомаларын 100 пайызға азайтуды қолдану мерзімі Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасында белгіленген санаттарға қарай, бірақ қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімінен және арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеу мерзімінен аспай:

А санаты – 7 жыл ішінде;

В санаты – 15 жыл ішінде;

С санаты 25 жыл ішінде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелерін арнайы экономикалық аймақ аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым және дара кәсіпкер Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру туралы шартты 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін жасасқан кезде қолданады.";

60) 776-1-баптың 3-тармағындағы "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін міндетті зейнетақы жарналары және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төленетін" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодесіне сәйкес төленетін міндетті зейнетақы жарналары және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары," деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 6) тармақшасы "232-бабының 2-тармағы," деген сөздерден кейін "5-тармағының 9-1) тармақшасы," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 30-2-баптың екінші абзацы "9)," деген цифрдан кейін "9-1)," деген цифрлармен толықтырылсын;

3) 33-баптың 2) тармақшасында:

бүкіл мәтін бойынша "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына", "Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына", "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына", "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына", "Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында", "Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне", "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына", "Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне", "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына", "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында", "Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма сегізінші абзацтағы "және 3-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы қырқыншы абзацпен толықтырылсын:

"9-1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен кәсіптік төлем;"

қырық алтыншы абзацтағы "гараждарды," деген сөз "гараждарды, орынтұрақ орындарын," деген сөздермен ауыстырылсын;

жетпісінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жетпіс бірінші, жетпіс екінші, бір жүз елу алтыншы және бір жүз елу жетінші абзацтармен толықтырылсын:

"Осы тармақшаның ережелері "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кредит (қарыз, микрокредит) бойынша талап ету құқығы берілген тұлға міндеттемені кешірген жағдайда да қолданылады;

24-1) қарыз алушы үшін банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, сондай-ақ коллекторлық агенттіктің сотқа берілетін талап қою арызынан алынатын мемлекеттік бажды төлеуі нәтижесінде ол алған кіріс";

"52) "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін төлем түріндегі, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шотына бағытталған нысаналы жинақтар;

53) бұрын жүзеге асырылған сатып алу немесе алынған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін есепке жазылған сома есебінен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде олардың құнын үнемдеуден түсетін материалдық пайда."

екі жүз алпысыншы абзац "гараждар," деген сөзден кейін "орынтұрақ орындары," деген сөздермен толықтырылсын;

екі жүз сексен бесінші абзац "баға (құн) мен" деген сөздерден кейін "кедендік және кәдеге жарату төлемдері, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

алты жүз жетпіс жетінші абзац "зейнетақы қоры" деген сөздерден кейін "зейнетақы төлемдерін" деген сөздермен толықтырылсын;

алты жүз жетпіс сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке табыс салығы осы Кодекстің 320-бабында белгіленген мөлшерлемелерді осы Кодекстің 353-бабының 3-1-тармағына сәйкес айқындалатын төлем көзінен салық салынатын кіріс сомасына қолдану арқылы есептеледі.";

алты жүз жетпіс тоғызыншы абзацтағы "Жеке табыс салығының сомасын ұстап қалуды және аударуды" деген сөздер "Егер осы баптың 4, 5, 6 және 6-1-тармақтарында өзгеше көзделмесе, жеке табыс салығының сомасын ұстап қалуды" деген сөздермен ауыстырылсын;

алты жүз сексен бесінші абзац "басталған" деген сөзден кейін "және жүзеге асырылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

алты жүз сексен бесінші абзацтағы "келесі айдың күнтізбелік жиырма бес күнінен кешіктірмей жүзеге асырады." деген сөздер "келесі айдың;" деген сөздермен

ауыстырылып, мынадай мазмұндағы алты жүз сексен алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"3) осы баптың 4, 5, 6 және 6-1-тармақтарында белгіленген жағдайларда жеке табыс салығының сомасы біржолғы ұсталған келесі айдың күнтізбелік жиырма бес күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.";

алты жүз сексен алтыншы абзацтағы "және аударуға" деген сөздер алып тасталсын;
алты жүз сексен жетінші абзацта:

"адамнан" деген сөз "адамға төленген кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және аударуға" деген сөздер алып тасталсын;

алты жүз сексен сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жеке тұлғаның сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты болған кезде біржолғы зейнетақы төлемі сомасынан жеке табыс салығын салық агентінің осы Кодекстің 351-бабында көзделген тәртіппен мынадай жағдайларда:";

мынадай мазмұндағы алты жүз сексен тоғызыншы – алты жүз тоқсан үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"1) зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударған кезде – зейнетақы жинақтарының сомасынан;

2) осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігі 2) тармақшасының ережелері біржолғы зейнетақы төлемі түріндегі кіріске бұрын қолданылған кезде – зейнетақы жинақтарының сомасынан;

3) біржолғы зейнетақы төлемін жүзеге асырған кезде жеке тұлғаның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке зейнетақы шотында қалған сомадан біржолғы ұстап қалуына жатады.

6-1. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы болып табылатын жеке тұлғаға біржолғы зейнетақы төлемі кезінде салық агенті осы Кодекстің 351-бабында көзделген тәртіппен жеке табыс салығын ұстап қалуды жүргізеді.

Осы тармақтың ережелері зейнетақы жинақтарының сомасынан жеке табыс салығын ұстап қалу арқылы осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жеке табыс салығын ұстап қалу тәсілі жеке тұлғаның кірістеріне бұрын қолданылған жағдайда да қолданылады.";

мынадай мазмұндағы жеті жүз он тоғызыншы – жеті жүз жиырма екінші абзацтармен толықтырылсын:

"3-1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі салық салынатын кірістің мөлшері мынадай тәртіппен айқындалады:

біржолғы зейнетақы төлемдері түріндегі кіріс сомасы
алу

осы Кодекстің 346-бабы 1-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көрсетілген салықтық шегерімдердің сомасы.";

4) 57-17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"57-17-бап. Салық кодексінің 696-3-бабы 5-тармағы үшінші абзацының қолданысы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 31 наурызға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

1) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін:

"Мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы мұндай шешімді жергілікті өкілді орган ағымдағы жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей қабылдайды, ол қабылданған жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.";

2) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 31 наурызға дейін:

"Мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы мұндай шешімді жергілікті өкілді орган ағымдағы жылдың 31 наурызынан кешіктірмей қабылдайды, ол қабылданған жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.";

5) мынадай мазмұндағы 57-18-баппен толықтырылсын:

"57-18-бап. Салық кодексінің 3-бабы 2-тармағының күші 2024 жылғы 1 наурыздан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде бұл тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"2. Жаңа салықты және (немесе) бюджетке төленетін төлемді белгілеу, мөлшерлемені арттыру, салық салу объектісін және (немесе) салық базасын өзгерту, салық төлеушілердің (салық агенттерінің) санаттарын ұлғайту, салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді төлеу бойынша шегерімнің немесе жеңілдіктің күшін жою немесе оларды азайту бөлігінде осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізетін Қазақстан Республикасының заңдары ағымдағы жылғы 1 шілдеден кешіктірілмей қабылдануы және олар қабылданған жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарынан кейін қолданысқа енгізілуі мүмкін.

Бұл ретте осы тармақтың күші осы Кодекстің бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша сыйақыларға салық салуға байланысты баптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайларына қолданылмайды.".

2-бап.

1. Осы Заң:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағы 3) тармақшасының он екінші абзацын;

2) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 19) және 41) тармақшаларын, 2-тармағы 3) тармақшасының он алтыншы, он жетінші, отыз төртінші – отыз сегізінші абзацтарын;

3) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 40) тармақшасын, 2-тармағы 3) тармақшасының үшінші, алтыншы, он үшінші абзацтарын;

4) 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 22) тармақшасын, 26) тармақшасының үшінші абзацын, 27) тармақшасының екінші абзацын және 29) тармақшасын, 2-тармағы 3) тармақшасының он төртінші абзацын, 4) тармақшасын;

5) 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 1) , 2) және 4) тармақшаларын, 30) тармақшасының оныншы абзацын, 34), 42) және 60) тармақшаларын, 2-тармағы 3) тармақшасының екінші, он бесінші абзацтарын;

6) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 5), 6), 11), 14), 15), 16), 20) және 57) тармақшаларын;

7) 2024 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағының 5) тармақшасын;

8) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 37) тармақшасын;

9) 2030 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 27) тармақшасының үшінші – сегізінші абзацтарын, 54) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын, 55) тармақшасының үшінші және төртінші абзацтарын қоспағанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналар:

1) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін жіберілген, салық төлеушінің (салық агентінің) банктік шоттары бойынша шығыс операциялары олардың орындалмауына байланысты тоқтатыла тұрған хабарламалар бойынша аталған хабарламалар 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 96-бабының талаптарына сәйкес орындалған жағдайда банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру себептері жойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдердің күші жойылады.

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 142-бабы 1-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша тақырыптық тексеру жүргізу "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 96-бабының 4-тармағына сәйкес салық органының шешімі бойынша орындалмады деп танылған, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 96-бабының 2-тармағына сәйкес орындалды деп танылған, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою

туралы хабарламалар бойынша, 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін туындаған салықтық кезеңдер үшін салықтық міндеттемелер бойынша қолданылмайды;

3) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 288-бабы 2-тармағы 2), 3), 4) және 9) тармақшаларының ережелері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша екінші деңгейдегі банктер алған кірістерге қатысты 2024 жылғы 1 наурыздан бастап қолданылмайды деп белгіленсін.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 15.07.2025 № 208-VIII (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК